

2019 жылғы 20
маусымдағы
акционерлердің
жалпы жиналысының
шешімімен бекітілген

«Каспий» Тауар Биржасы» АҚ Корпоративтік басқару кодексі

CASPY Commodity Exchange	«Каспий» Тауар Биржасы» АҚ Корпоративтік басқару кодексі		
		1-нұсқа	2-ші бет/ 17 беттен

Мазмұны

1 тарау. Жалпы ережелер.....	3
2 тарау. Корпоративтік басқару қағидаттары.....	4
3 тарау. Компания акционерлерінің жалпы жиналысы.....	8
4 тарау. Компанияның Директорлар кеңесі.....	9
5 тарау. Компанияның атқарушы органы.....	12
6 тарау. Басқа ережелер.....	13

CASPY Commodity Exchange	«Каспий» Тауар Биржасы» АҚ Корпоративтік басқару кодексі		
		1-нұсқа	3-ші бет/ 17 беттен

1 тарау. Жалпы ережелер

1. Осы «Каспий» Тауар Биржасы» АҚ-ның (бұдан әрі – Кодекс) корпоративтік басқару кодексі «Каспий» Тауар Биржасы» АҚ-ны (бұдан әрі – Компания) басқару процесінде қолданылатын негізгі стандарттар мен қағидаттарды айқындайды. Кодекс Компанияның Директорлар кеңесі, Атқарушы органы, акционерлері және лауазымды тұлғалары арасындағы қатынастарды, сондай-ақ Компания органдарының жұмыс істеу және шешім қабылдау тәртібін белгілейді. Корпоративтік басқару стандарттарын қолданудың мақсаты – Компания акционерлерінің мүдделерін қорғау. Корпоративтік басқару Компания акционерлері, оның органдары мен лауазымды тұлғалары арасындағы, сондай-ақ Компанияның (оның органдары, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері) үшінші тұлғалармен қарым-қатынасындағы іскерлік этиканың жоғары деңгейін қамтамасыз етуге бағытталған.

2. Кодекс қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамасына, Компания Жарғысына, сондай-ақ Қазақстанда қалыптасып келе жатқан корпоративтік басқару тәжірибесіне, этикалық нормаларға, нарықтағы осы кезеңдегі қызмет жағдайы мен қажеттіліктеріне және халықаралық тәжірибеде мойындалған корпоративтік басқару қағидаттарына сәйкес әзірленген.

3. Компания өз қызметінде Кодекс ережелерін сақтауға тиіс. Сонымен қатар, Кодекс ережелерінен шегіну Компанияның жеке ерекшеліктерін, оның көлемін, даму кезеңін, сондай-ақ алдында тұрған тәуекелдер мен мәселелердің сипатын ескере отырып, белгілі бір жағдайларда ақталуы мүмкін. Кодекс ережелерінен шегінуге тек тиісті жағдайларды мұқият талдағаннан кейін және мұндай рұқсат етілетін шегінуді Директорлар кеңесі қарап, ол туралы Акционерлердің жалпы жиналысын хабардар еткен соң ғана жол беріледі.

4. Компания корпоративтік басқару тәжірибесінің статикалық сипатта еместігін растайды. Компания қолданыстағы заңнамаға, қазақстандық және халықаралық компанияларға қатысты корпоративтік басқару бойынша қолданылатын ұсынымдарға және озық тәжірибеге сүйене отырып, Кодекс талаптарын мерзімді түрде қайта қарап, қажет болған жағдайда, тиісті өзгерістер енгізу туралы ұсыныстарды Акционерлердің жалпы жиналысының қарауына шығарады.

5. Компанияның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері Компаниямен жасалған тиісті шарттарға сәйкес осы Кодексте көзделген міндеттемелерді өз мойнына алады және Компанияда оның ережелерін сақтауға міндеттенеді.

6. Корпоративтік басқару жүйесін құрайтын органдар:

- 1) Жоғары орган - Акционерлердің жалпы жиналысы;
- 2) Басқару органы - Директорлар кеңесі;
- 3) Атқарушы орган - Президент.

7. Осы Кодексте келесі негізгі ұғымдар қолданылады: Акционер - акция иесі болып табылатын тұлға; Компанияның ішкі нормативтік құжаттары - Компанияның және оның құрылымдық бөлімшелерінің қызмет тәртібін реттейтін, Компания әзірлеген және Қазақстан Республикасының заңнамасында, Компания Жарғысында белгіленген тәртіппен бекітілген, орындалуы міндетті құжаттар (ереже, нұсқаулық, ережелер жинағы, өкімдер, саясаттар және т.б.);

Лауазымды тұлға - Директорлар кеңесінің мүшесі, Президент;

CASPY Commodity Exchange	«Каспий» Тауар Биржасы» АҚ Корпоративтік басқару кодексі		
		1-нұсқа	4-ші бет/ 17 беттен

Мүдделі тараптар - жеке тұлғалар, заңды тұлғалар, жеке немесе заңды тұлғалар топтары, олар Компанияның, оның өнімдері мен қызметтерінің қызметіне және осыған байланысты іс-әрекеттеріне Қазақстан Республикасының заңнамасы нормалары, жасалған шарттар (контракттар) немесе жанама (аралық) түрде ықпал ететін немесе ықпалға ұшырауы мүмкін тұлғалар; Мүдделі тараптардың негізгі өкілдері - Акционерлер, қызметкерлер, клиенттер, жеткізушілер, мемлекеттік органдар, еншілес ұйымдар, кредиторлар, инвесторлар және Компанияның қаржы-шаруашылық қызметіне мүдделі басқа да жеке және заңды тұлғалар; Заңнама - Қазақстан Республикасының белгіленген тәртіппен қабылданған нормативтік құқықтық актілерінің жиынтығы; Корпоративтік хатшы - Директорлар кеңесінің хатшысы; Құпия ақпарат - оның беймәлімдігі және заңды негізде қолжетімділіктің болмауына байланысты нақты немесе әлеуетті коммерциялық құны бар ақпарат; Корпоративтік дау - Компания органдары мен оның Акционерлері, Директорлар кеңесінің және Атқарушы орган мүшелері арасындағы, сондай-ақ Акционерлер арасындағы келіспеушіліктер немесе дау, егер мұндай дау Компания мүдделеріне әсер етсе; Тәуелсіз директор - «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Жарғыға сәйкес тәуелсіз деп танылған директор.

Осы Кодексте қолданылатын, бірақ анықтамасы берілмеген терминдер, Қазақстан Республикасының заңнамасында және Жарғыда қолданылатын мағынада түсініледі.

2-тарау. Корпоративтік басқару қағидаттары

8. Корпоративтік басқару қағидаттары - Компания өзінің корпоративтік басқару жүйесін қалыптастыру, жұмыс істеу және жетілдіру процесінде басшылыққа алатын бастапқы негіздер. Компанияның корпоративтік басқаруы, ең алдымен, барлық акционерлерінің құқықтары мен заңды мүдделерін, сондай-ақ Компанияның мәртебесін құрметтеуге негізделеді және Компания қызметінің тиімділігін арттыруға, оның ішінде активтерінің өсуіне, жұмыс орындарын құруға және Компанияның қаржылық тұрақтылығы мен табыстылығын сақтауға бағытталған. Осы тарауда көрсетілген корпоративтік басқару қағидаттары Компанияны басқару барысында туындайтын қатынастарда сенімділік орнатуға бағытталған.

9. Осы Кодекстің негізгі қағидаттары мыналар болып табылады:

а) Компания Акционерлерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты.

Компаниядағы корпоративтік басқару осы қағидатқа негізделеді және Компания қызметінің тиімділігіне, оның ішінде активтерінің өсуіне, қаржылық тұрақтылығы мен табыстылығын сақтауға ықпал етеді.

Компания Акционерлерінің құқықтары Қазақстан Республикасының заңнамасында және Жарғыда көзделген, олардың қорғалуын және іске асырылуын Компания қамтамасыз етеді.

Корпоративтік басқару Компания Акционерлеріне Компанияны басқаруға қатысуға байланысты құқықтарын іске асыруға, сондай-ақ олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға нақты мүмкіндік береді. Компания органдары заңнама мен Жарғы нормаларын

CASPY Commodity Exchange	«Каспий» Тауар Биржасы» АҚ Корпоративтік басқару кодексі		
		1-нұсқа	5-ші бет/ 17 беттен

бұзатын әрекеттер жасаған жағдайда, Акционерлер өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдарға жүгінуге құқылы.

Компания корпоративтік басқарудың негізгі шешімдерін қабылдауға Акционерлердің тиімді қатысуын қамтамасыз етеді, мысалы, Директорлар кеңесінің мүшелерін тағайындау және сайлау. Компания барлық Акционерлерге әділ қарауды қамтамасыз етеді.

Компания Акционерлерге өзінің қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы шынайы ақпаратты жеткізеді. Компания мен Акционерлер арасындағы ақпарат алмасу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Жарғымен реттеледі.

Компания Президенті Компания қызметіндегі жоспарланған өзгерістерді негіздеуге және оны іске асырудың нақты болашағы мен Акционерлерді қорғау тетіктерін ұсынуға міндетті.

б) Компанияны оның акционерлерінің жалпы жиналысы, Директорлар кеңесі және Президенті арқылы тиімді басқару қағидаты.

Компанияны акционерлерінің жалпы жиналысы арқылы тиімді басқару қағидаты мынаны білдіреді, яғни Компания:

1) жыл сайын Компанияның жылдық қаржылық есептілігін және өткен қаржы жылындағы таза кірісті (пайданы) бөлу тәртібін бекіту, Компания акциялары бойынша дивидендтер төлеу, бір акцияға шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту мақсатында жылдық акционерлер жиналысын шақырады және өткізеді;

2) Компания Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау, оның сандық құрамын және өкілеттік мерзімін айқындау мақсатында акционерлердің жиналыстарын тұрақты түрде шақырады және өткізеді.

3) Қажет болған жағдайда, орынды, жедел және тиімді шешім қабылдау мақсатында Компания акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын шақырады және өткізеді.

Директорлар кеңесінің қызметі Компания мен оның Акционерлерінің құқықтары мен мүдделерін барынша сақтау және іске асыру қағидатына негізделеді.

Директорлар кеңесі өз қызметінің Акционерлер алдында толық ашықтығын қамтамасыз етеді.

Директорлар кеңесі Акционерлерге Компания қызметінің қол жеткізген нәтижелері мен даму перспективаларына толық әрі объективті баға береді, ағымдағы қызмет нәтижелерінің жай-күйіне мониторинг жүргізеді және Компания активтері мен Акционерлер инвестицияларын сақтау мақсатында ішкі бақылау мен аудит жүйесінің тиісті жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

Ешбір тұлға (немесе тұлғалар тобы) Директорлар кеңесінде шешім қабылдау құқығын шектеусіз иеленбеуге тиіс. Директорлар кеңесінің төрағасы мен Компания Президенті бір тұлға болмауы керек.

Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесіне басшылық етеді, өзінің жауапкершілік саласының барлық аспектілері бойынша оның тиімді жұмысын қамтамасыз етеді және отырыс күн тәртібін заңда белгіленген тәртіппен әзірлейді, күн тәртібі Директорлар кеңесімен бекітіледі. Төраға Корпоративтік хатшымен бірге директорлардың дер кезінде сенімді және нақты ақпарат алуын қамтамасыз етеді. Директорлар кеңесінің төрағасы Компания Акционерлерімен тиімді байланыс орнатуды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, төраға директорлардың Директорлар кеңесінің жұмысына, соның ішінде директорлар мен Компания Президенті арасындағы конструктивті қарым-қатынасқа тиімді үлес қосуын қамтамасыз етеді.

Ағымдағы қызметке басшылық жеке атқарушы орган - Компания Президенті арқылы жүзеге асырылады.

CASPY Commodity Exchange	«Каспий» Тауар Биржасы» АҚ Корпоративтік басқару кодексі		
		1-нұсқа	6-шы бет/ 17 беттен

Ешбір тұлға (немесе тұлғалар тобы) Компания Президентінде шешім қабылдау құқығын шектеусіз иеленбеуге тиіс.

Президент Қазақстан Республикасының заңнамасына, Компания Жарғысына және онымен жасалған еңбек шартына сәйкес Компанияның күнделікті қызметін жүзеге асырады және үйлестіреді.

Компания Президентінің негізгі іс-әрекет қағидаттары - адалдық, адал ниеттілік, парасаттылық, сақтық және тұрақтылық.

Президенттің қызметі Акционерлердің мүдделерін барынша сақтау қағидатына негізделеді және Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдеріне толық есеп береді.

с) Компания қызметі туралы ақпаратты ашық, уақтылы және объективті түрде жария ету қағидаттары.

Акционерлердің жалпы жиналысы негізделген шешімдер қабылдай алуы, сондай-ақ әлеуетті инвесторлардың Компанияның жарғылық капиталына қатысу туралы шешім қабылдауына жәрдемдесу мақсатында Компания өзінің Акционерлері мен әлеуетті инвесторларына Компания туралы, оның ішінде қаржылық жағдайы, экономикалық көрсеткіштері, қызметінің нәтижелері және басқару құрылымы туралы сенімді ақпаратты уақтылы жариялауды қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, Компания кез келген ақпаратты ашу және (немесе) жариялау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын коммерциялық, қызметтік және өзге де құпияны жария етпейді.

Компанияның қаржылық есептілігін жүргізу және аудиті акционерлер мен инвесторлардың Компанияға деген сенімін қамтамасыз етуге бағытталған және келесі қағидаттарға негізделеді:

- 1) толықтық және шынайылық;
- 2) бейтараптылық және тәуелсіздік;
- 3) кәсіпқойлық және құзыреттілік;
- 4) тұрақтылық және тиімділік.

Компания Президенті Компания ұсынатын қаржылық ақпараттың толықтығы мен шынайылығы үшін жауап береді.

d) Заңдылық және этика қағидаттары.

Заңдылық және этика қағидаты мынада:

- 1) Компания қолданылатын заңнамаға, Компания Жарғысына және оның ішкі құжаттарына, іскерлік айналым әдет-ғұрыптарына және іскерлік этика нормаларына қатаң сәйкес әрекет етеді;
- 2) Компанияның ішкі құжаттары қолданылатын заңнама және іскерлік этика негізінде әзірленеді;
- 3) корпоративтік қатынастарға қатысушылар арасындағы өзара қарым-қатынас өзара сенім мен құрметке негізделеді.

е) Тиімді дивидендтік саясат қағидаты.

Компанияның дивидендтік саясаты дивиденд төлемдерінің мөлшерін айқындау кезінде Акционерлердің мүдделерін сақтауға, Компанияның инвестициялық тартымдылығын және капиталдануын арттыруға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген акционерлердің құқықтарын құрметтеуге және қатаң сақтауға негізделеді.

Тиімді дивидендтік саясат қағидаты мынада:

CASPY Commodity Exchange	«Каспий» Тауар Биржасы» АҚ Корпоративтік басқару кодексі		
		1-нұсқа	7-ші бет/ 17 беттен

1) Компания өзінің акциялары бойынша дивидендтерді есептеу және төлеу шарттарының бар-жоғын айқындау үшін өзінің ағымдағы және болашақтағы операциялық қызметінің нақты және дәлелді жағдайы мен ағымдағы және болашақтағы қаржылық жағдайы туралы тек қана шынайы және дәлелденген ақпаратты пайдаланады.

2) Компания өзінің акциялары бойынша дивиденд мөлшерін айқындау және оларды төлеу тәртібі тетігінің ашықтығын қамтамасыз етеді.

f) Тиімді кадрлық саясат қағидаты.

Компаниядағы корпоративтік басқару Қазақстан Республикасының заңнамасында және Компанияның ішкі нормативтік құжаттарында көзделген Компания қызметкерлерінің құқықтарын қорғау қағидатына негізделеді және Компания мен оның қызметкерлері арасындағы әлеуметтік әріптестік қатынастарын дамытуға, сондай-ақ жұмыс орындарын сақтауға және еңбек жағдайларын жақсартуға бағытталуға тиіс.

Корпоративтік басқару еңбек ұжымында қолайлы және шығармашылық атмосфераны қалыптастыру үдерістерін ынталандыруға, Компания қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға жәрдемдесуге және олардың әлеуметтік қорғалуының тиісті деңгейін қамтамасыз етуге ықпал етуге тиіс.

g) Қоршаған ортаны қорғау қағидаты.

Компания өз қызметі барысында қоршаған ортаға ұқыпты әрі ұтымды қарауды қамтамасыз етеді.

Компания тұрақты даму қағидаттарын ұстанады және қоршаған ортаны қорғау саласындағы жалпыға танылған халықаралық нормаларға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының экология саласындағы заңнамасына сәйкес климаттың өзгеруі жағдайында тиімді әрекет етуге ұмтылады.

Компания адамзаттың қоршаған ортаға теріс әсерінен туындайтын мәселелерді талқылауға қатысады және осы мақсатта Қазақстан Республикасындағы экологиялық ұйымдардың бірлестіктеріне (қауымдастықтарына) мүше болады.

Қазақстан Республикасында және оның шегінен тыс жерлерде жасыл экономиканы дамытуға адалдығын білдіру мақсатында Компания парниктік газдар шығарындыларымен сауда жасау жүйесін құруға және дамытуға белсенді түрде қатысады.

h) Мүдделі тараптармен әріптестік қатынастарды дамыту қағидаты.

Компания Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мүдделі тараптардың барлық құқықтарын мойындайды және өзінің дамуы мен қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында олармен ынтымақтастық орнатуға ұмтылады.

Компания қызметті, корпоративтік басқаруды және қоғамдық өмірдің өзге де салаларын жетілдіруге бағытталған заңнамалық бастамаларды талқылауға белсенді қатысады.

i) Жауапкершілік қағидаты.

Компания барлық мүдделі тараптардың құқықтарын мойындайды және құрметтейді, сондай-ақ өзінің дамуы мен қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында олармен ынтымақтастық орнатуға ұмтылады.

Компания өз қызметінің нәтижелері үшін Акционерлердің алдында, өз міндеттемелерін тиісінше орындау үшін іскер серіктестерінің алдында, ал қоғам мен мемлекет алдында - жеке тұлғаны, оның құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу, сондай-ақ Қазақстан экономикасын дамытуға қосқан үлесі үшін жауапкершілігін мойындайды.

CASPY Commodity Exchange	«Каспий» Тауар Биржасы» АҚ Корпоративтік басқару кодексі		
		1-нұсқа	8-ші бет/ 17 беттен

3-тарау. Компания акционерлерінің жалпы жиналысы

10. Акционерлердің жалпы жиналысы - Компанияның жоғары органы.

11. Акционерлердің құқықтарын сақтау Компанияға инвестициялар тартудың негізгі шарты болып табылады. Компания барлық Акционерлерге әділ қарауды және олардың құқықтарын іске асыруды қамтамасыз етуге тиіс. Компанияда бірнеше Акционер болған жағдайда, оның ішінде миноритарлық акционерлер болса да, олардың әрқайсысына әділ қарау қамтамасыз етілуі тиіс.

12. Компания акционерлерінің жалпы жиналысын дайындау және өткізу мына талаптарға сай болуы қажет:

- 1) Компанияның барлық Акционерлеріне әділ және тең құқықтық қатынас;
- 2) Компания акционерлерінің (барлық акционерлердің өкілдерінің) жалпы жиналысына қатысу мүмкіндігінің қолжетімділігі;
- 3) Компания Акционерлеріне жалпы жиналысқа қатысты барынша толық ұйымдастырушылық және есептік ақпарат беру;

Компания акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу тәртібінің қарапайымдылығы және ашықтығы.

13. Акционерлер өздерінің жалпы жиналысының өткізілуі туралы, бұл жиналыстың өткізілу тәртібі мен күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдармен танысуына, өздерін қызықтыратын сұрақтарды әзірлеуіне және күн тәртібіндегі мәселелер бойынша өз ұстанымдарын қалыптастыруына жеткілікті уақыт беретін мерзімде хабардар етілуі тиіс.

14. Компания өз акционерлерін жалпы жиналыстың өткізілуі туралы өзінің Жарғысына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес хабардар етеді. Алайда, Компания барлық акционерлерінің жалпы жиналыстың өткізілуі туралы уақтылы хабардар етілуіне ұмтылуы тиіс болғандықтан, ол:

- 1) осы хабарламаны қайта жіберуге;
- 2) бұл хабарламаны Компания акционерлеріне жеткізудің қосымша тәсілдерін пайдалануға құқылы.

15. Компания акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер барынша анық тұжырымдалуы және олардың екіұшты түсіндірілу мүмкіндігін болдырмауы тиіс.

16. Компания акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар сол мәселелерге сәйкес жүйеленіп, акционерлерге олардың мәнін барынша толық түсінуге, ықтимал сұрақтарына жауап алуға және осы мәселелер бойынша негізделген шешім қабылдауға мүмкіндік беруі қажет.

Компания акционерлеріне жалпы жиналыс күн тәртібіндегі мәселелерге қатысты қосымша мәліметтер - Компания қызметінің жоспарлары, жетістіктері мен мәселелері, сондай-ақ Компания қызметіне қатысты өзге тұлғалардың талдамалық зерттеулері мен материалдары ұсынылуы мүмкін.

Егер күн тәртібіне белгілі бір тұлғаларды, мысалы, Компанияның Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау мәселесі енгізілсе, материалдарда ұсынылатын кандидаттар туралы олардың объективті бағалануына жеткілікті әрі қажетті құрам мен көлемдегі ақпарат болуы тиіс.

Сонымен бірге, Компания жалпы жиналыс күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды дайындау кезінде артық уақыт және еңбек шығынын немесе негізсіз шығындарды көтермеуі керек.

CASPY Commodity Exchange	«Каспий» Тауар Биржасы» АҚ Корпоративтік басқару кодексі		
		1-нұсқа	9-ші бет/ 17 беттен

Компания жалпы жиналыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдармен акционерлердің танысу тәртібін барынша қарапайым және ауыртпалықсыз етуі тиіс.

17. Компания акционерлерінің жалпы жиналысында дауыс беру процесі акционерлер үшін барынша қарапайым және қолайлы болуы қажет.

Жалпы жиналысты өткізу тәртібі

18. Компания акционерлерінің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеу уақыты, жиналысқа қатысуға келген барлық акционерлердің (акционерлер өкілдерінің) тіркелуіне жеткілікті болуы тиіс. Жалпы жиналыс ашылғаннан кейін келген акционерлер (акционерлер өкілдері) осы жиналыстың қатысушыларын тіркеу рәсімінен өткен жағдайда оған қатысуға құқылы.

19. Компанияның барлық акционерлері жалпы жиналысқа қатысуға тең құқыққа ие. Акционер жалпы жиналысқа қатысуға және оның күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беруге өзінің жеке қатысуымен немесе жеке қатыспай (осы акционерге қызмет көрсететін номиналды ұстаушының өкілі сияқты кез келген үшінші тұлғаға берілуі мүмкін сенімхат негізінде әрекет ететін өкілі арқылы) құқылы. Акционердің күн тәртібіндегі мәселелер бойынша өз қатысуымен немесе жеке қатыспай берген дауыстары тең заңдық күшке ие.

20. Компания акционерлерінің жалпы жиналысына күн тәртібіндегі мәселелерді қарау кезінде түсініктемелері мен пікірлері қажет болуы мүмкін барлық тұлғалар қатысуы тиіс, ал олардың негізделген себеппен қатыспаған жағдайда - осы тұлғалардың орынбасарлары және/немесе аталған тұлғалардың құзыретінде болған мәселелер бойынша білікті мамандар қатысуы қажет.

21. Жалпы жиналыстың төрағасы жиналысқа қатысушы акционерлер (акционерлер өкілдері) өздерін қызықтыратын сұрақтарға сол жиналыс барысында тікелей жауап алуы үшін барлық жағдайды жасауға ұмтылуы тиіс. Егер мұндай сұрақтардың күрделілігі оларға дереу жауап беруге мүмкіндік бермесе, сұрақ қойылған тұлғалар акционерлердің жалпы жиналысы жабылғаннан кейін барынша қысқа мерзім ішінде жазбаша жауап ұсынуы керек.

22. Жалпы жиналыста белгілі бір тұлғаларды, мысалы, Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау рәсімі барынша ашық болуы және мұндай сайлаудың негізділігінде күмән туғызбауы тиіс.

23. Компания акционерлерінің жалпы жиналысында дауыстарды жинау және санау рәсімі барынша қарапайым әрі ашық болуы қажет; акционерлер өздерінің дауыс беру нәтижелерін бұрмалау мүмкіндігіне жол берілмейтініне көз жеткізуі тиіс.

4-тарау. Компанияның Директорлар кеңесі

Директорлар кеңесінің функциялары мен қызмет қағидаттары

24. . Компания Директорлар кеңесінің негізгі функциялары мен өкілеттіктері Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында және Компания Жарғысында айқындалған, оған сәйкес Директорлар кеңесі, соның ішінде, мынадай міндеттерді атқаруы тиіс:

- 1) Компания Акционерлерінің құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету;
- 2) Компанияның ағымдағы қызметі Директорлар кеңесі айқындаған басым бағыттарға қаншалықты сәйкес келетінін қадағалау;
- 3) Компанияның түрлі тәуекелдерге ұшырау деңгейін бағалау және мұндай тәуекелдерді болдырмау немесе барынша азайту не оларды бақылау мақсатында шешімдер қабылдау;

CASPY Commodity Exchange	«Каспий» Тауар Биржасы» АҚ Корпоративтік басқару кодексі		
		1-нұсқа	10-шы бет/ 17 беттен

4) Компанияның ішкі құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе жаңа ішкі құжаттар әзірлеу бастамасын көтеру;

5) Компания әзірлеген ішкі құжаттарға өзгерістер мен толықтыруларды немесе жаңа ішкі құжаттарды бағалау және оң баға берген жағдайда оларды бекіту;

6) Компания әзірлеген кірістер мен шығыстар сметаларын, сондай-ақ кірістер мен шығыстар сметасының орындалуы туралы есептерді бағалау және оң баға берген жағдайда оларды бекіту;

7) Компания Президентінің қызметінің тиімділігін бағалау және оның сыйақы төлеу шарттары мен мөлшерін айқындау.

25. Өз қызметінде Директорлар кеңесі мынадай мақсаттарға қол жеткізуге ұмтылуы тиіс:

1) Компанияда тұрақтылық пен болжамдылық атмосферасын қалыптастыру, оның қызметінде біркелкілікті қамтамасыз ету;

2) Компания Президентімен конструктивті өзара іс-қимылды қамтамасыз ету;

3) Компания акционерлерінің мүдделері, Компанияның коммерциялық мүдделері және оның қызметкерлерінің жеке мүдделері арасында орынды ымыраға қол жеткізу.

26. Компания акционерлері (акционерлер мүдделерінің өкілдері) ретінде Директорлар кеңесінің мүшелері болып сайланған тұлғалар өз функциялары мен өкілеттіктерін жүзеге асыру барысында сырт көзге жекелеген акционерлердің немесе олардың топтарының мүдделерін ғана білдіретіндей әсер қалдырмауы тиіс. Директорлар кеңесі өз қызметін сырт көзге ең білікті, адал, әділ және адал ниетті, мінсіз іскерлік және моральдық беделге ие мамандар шоғырланған орын ретінде қабылданатындай жүргізуі қажет.

27. Өз қызметін жүзеге асыра отырып, Директорлар кеңесі өзін акционерлердің жалпы жиналысына да, Компания Президентіне де қарсы қоймауы керек, сондай-ақ мұндай қарсы қою ретінде түсіндірілетін кез келген әрекеттерді жасамауы тиіс.

28. Директорлар кеңесі өз қызметінде қызметкерлер арасында мынадай беделді қалыптастыруы және сақтауы керек:

1) акционерлердің мүдделері, Компанияның коммерциялық мүдделері және оның қызметкерлерінің жеке мүдделері арасындағы ықтимал айырмашылықтарды ескере отырып, Компанияны қолайсыз сыртқы факторлардан қорғайтын шеп ретінде;

2) Компания қызметкерлері мен Компания Президенті арасындағы қақтығыстарды тиімді реттей алатын орган ретінде.

29. Директорлар кеңесінің және оның жекелеген мүшелерінің қызметін бағалауды акционерлердің жалпы жиналысы жүзеге асырады. Бұл ретте, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңы мен Компания Жарғысына сәйкес, жалпы жиналыс мынадай тетіктерді қолдануға құқылы:

1) кез келген тұлғаны Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде шектеусіз рет сайлау құқығы;

2) Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату құқығы;

3) қажет болған жағдайда Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы төлеу мөлшері мен шарттарын айқындау.

30. Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына сәйкес, Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақысының мөлшері мен құрамы туралы ақпарат акционерлердің жалпы жиналысында жария етілуі тиіс.

CASPY Commodity Exchange	«Каспий» Тауар Биржасы» АҚ Корпоративтік басқару кодексі		
		1-нұсқа	11-шы бет/ 17 беттен

Компания Директорлар кеңесін қалыптастыру

Компания Директорлар кеңесінің мүшесі тек жеке тұлға бола алады. Директорлар кеңесінің мүшелері мына санаттардан сайланады:

- 1) Компанияның акционерлері болып табылатын жеке тұлғалар;
- 2) Компания Директорлар кеңесіне акционерлердің өкілдері ретінде сайлауға ұсынылған (ұсыным берілген) тұлғалар;
- 3) Компанияның акционері болып табылмайтын және акционер өкілі ретінде Директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылмаған (ұсыным берілмеген) жеке тұлғалар.

31. Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кумулятивтік дауыс беру арқылы жүргізіледі. Акционер өзіне тиесілі акциялар бойынша дауыстарын толықтай бір кандидатқа бере алады немесе оларды Директорлар кеңесіне мүшелікке бірнеше кандидат арасында бөле алады. Компания Директорлар кеңесіне ең көп дауыс жинаған кандидаттар сайланған болып есептеледі. Егер екі немесе одан да көп кандидат Директорлар кеңесіне мүше болу үшін бірдей дауыс санын жинаса, аталған кандидаттар бойынша қосымша кумулятивтік дауыс беру жүргізіледі.

32. Компания Директорлар кеңесінің төрағасы оның мүшелері арасынан ашық дауыс беру арқылы, Директорлар кеңесінің жалпы мүшелер санының көпшілік даусымен сайланады.

33. Директорлар кеңесі кез келген уақытта Директорлар кеңесінің төрағасын қайта сайлауға құқылы. Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның отырыстарын жүргізеді, сондай-ақ Жарғыда айқындалған өзге де функцияларды орындайды.

34. Компания Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда, оның функцияларын Директорлар кеңесінің шешімі бойынша оның бір мүшесі атқарады.

35. Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесінің негізгі функцияларын толық әрі тиімді орындауын және Директорлар кеңесі мүшелері, Акционерлер мен Президент арасында конструктивті диалог орнатылуын қамтамасыз етеді.

36. Директорлар кеңесі төрағасының және Президенттің рөлдері мен функциялары нақты ажыратылып, Жарғыда және тиісті ішкі нормативтік құжаттарда бекітілуі тиіс.

37. Компания Президенті Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

38. Компания Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде акционерлердің жалпы жиналысы, әдетте, Директорлар кеңесінде мүмкіндігінше әртүрлі акционерлік топтардың мүдделерінің өкілдігін қамтамасыз етуге ұмтылуы тиіс, ал бірнеше акционерлік топтардың өкілдігін қамтамасыз ету жөніндегі дәлелдер тең болған жағдайда тәуелсіз директорларды сайлауға басымдық берілуі қажет.

Компания Директорлар кеңесінің қызметін ұйымдастыру

39. Компания Директорлар кеңесінің қызмет тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Компания Жарғысымен, оның ішкі құжаттарымен және Компания акционерлерінің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдерімен айқындалады.

CASPY Commodity Exchange	«Каспий» Тауар Биржасы» АҚ Корпоративтік басқару кодексі		
		1-нұсқа	12-ші бет/ 17 беттен

40. Компания Директорлар кеңесі шешімдерді өз отырыстарында да, сондай-ақ сырттай дауыс беру арқылы да қабылдауға құқылы. Компания Директорлар кеңесінің шешім қабылдау тәсілін таңдау Компанияның Атқарушы органы тарапынан орынды, жедел және тиімді шешім қабылдау қажеттілігін, сондай-ақ мәселелерді тікелей талқылаудың қажеттілігі бар-жоғын ескере отырып айқындалады. Компания Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізу оның қызметінің ең тиімді нысаны болып саналады және сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдауға Компания Жарғысында, оның ішкі құжаттарында немесе акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдерінде тікелей тыйым салынған мәселелерді қарау кезінде міндетті болып табылады.

41. Компания Директорлар кеңесінің мүшесінің оның отырысына жеке қатысуы, ол отырыс өткізілетін жерге келе алмаған жағдайда, байланысудың техникалық құралдарын пайдалану арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

42. Егер Компания Жарғысында, оның ішкі құжаттарында немесе акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдерінде өзгеше көзделмесе, Компания Директорлар кеңесінің жұмысының екі нысанын біріктіруге жол беріледі, яғни Директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше мүшесі (бірақ жалпы мүшелер санының 30%-ынан аспайтын бөлігі) Директорлар кеңесінің отырысына жеке қатыса алмайтын жағдайларда. Мұндай жағдайда Директорлар кеңесінің қатыса алмайтын мүшесі Компанияның корпоративтік хатшысына Директорлар кеңесі қарауына шығарылған мәселелер бойынша өз жеке пікірін жазбаша түрде ұсынуы тиіс.

43. Компанияның ағымдағы қызметіне мониторинг жүргізу мақсатында Директорлар кеңесінің мүшелері Компанияның өзге органдарымен және қызметкерлерімен байланыс орнатуға және оны қолдауға құқылы.

44. Компания Директорлар кеңесі оның мүшелері тарапынан Компания мен оның қызметіне қатысты қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны жария етпеу жөніндегі міндеттеменің қолданылу мерзімін белгілеуге құқылы.

5 тарау. Компанияның атқарушы органы

45. Компанияның ағымдағы қызметіне басшылықты жеке атқарушы орган - Компания Президенті жүзеге асырады. Президент жоғары кәсіби және жеке қасиеттерге ие болуы, мінсіз іскерлік беделге ие болуы және жоғары этикалық стандарттарды ұстануы тиіс.

46. Президент Компанияның күнделікті қызметін басқарады, Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтай отырып, Директорлар кеңесі мен Компания акционерлерінің жалпы жиналысы қабылдаған стратегияларды, қойылған мақсаттар мен міндеттерді, сондай-ақ қабылданған шешімдерді іске асыру үшін жауап береді.

47. Президенттің іс-әрекетінің негізгі қағидаттары - адалдық, адал ниеттілік, парасаттылық, сақтық және тұрақтылық.

48. Президент Компанияның ұзақ мерзімді құнын арттыру және оның тұрақты дамуын қамтамасыз ету мақсатында күнделікті (операциялық) басқаруды жүзеге асырады.

49. Президент Директорлар кеңесі мен акционерлерге есеп береді. Президент өз қызметін Компания акционерлерінің құқықтарын бұзбайтындай және мүмкіндігінше олардың мүдделерін Компанияның коммерциялық мүдделерімен және оның қызметкерлерінің жеке мүдделерімен барынша үйлестіретіндей етіп жүзеге асыруы тиіс.

50. Өз қызметінде Компания Президенті мынадай мақсаттарға қол жеткізуге ұмтылуы тиіс:

- 1) Компанияның операциялық қызметінің тұрақтылығын қамтамасыз ету және оны кеңейту;
- 2) Компанияның қаржылық жай-күйінің тұрақтылығын қамтамасыз ету және оны жақсарту;

CASPY Commodity Exchange	«Каспий» Тауар Биржасы» АҚ Корпоративтік басқару кодексі		
		1-нұсқа	13-ші бет/ 17 беттен

3) Компанияның іскерлік және қоғамдық беделін қолдау және арттыру.

6-тарау. Басқа да ережелер

Корпоративтік хатшы

51. Компания органдары мен лауазымды тұлғаларының өз акционерлерінің құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған рәсімдерді қатаң сақтауы, сондай-ақ қолданылатын заңнамаға, Компания Жарғысына және оның ішкі құжаттарына сәйкестігі - Директорлар кеңесі тағайындайтын және оған есеп беретін корпоративтік хатшы институтының болуымен қамтамасыз етіледі.

52. Корпоративтік хатшының құзыреті мен қызметін жүзеге асыру тәртібі оның функцияларымен, сондай-ақ қолданылатын заңнама, Компания Жарғысы, оның ішкі құжаттары, акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдерімен айқындалады. Сонымен қатар, корпоративтік хатшы:

- 1) корпоративтік басқару мәселелері бойынша акционерлермен хат алмасуды жүргізеді (Компания атынан хаттарға қол қою құқығынсыз);
- 2) Компания органдары тарапынан акционерлердің Компания мен оның лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне қатысты өтініштерін тиісті түрде қаралуын қамтамасыз етеді;
- 3) Компания мен оның лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне қатысты акционерлердің өтініштеріне жауаптар дайындайды;
- 4) корпоративтік қатынастардағы дауларды реттеуге қатысуға тартылуы мүмкін.

Компания қызметіндегі маңызды корпоративтік оқиғалар

53. Компания қызметіндегі маңызды корпоративтік оқиғаларға оның қызметінде түбегейлі өзгерістерге әкелуі мүмкін оқиғалар жатады, мысалы:

- 1) Компанияның басқа заңды тұлғаның акцияларын (жарғылық капиталына қатысу үлестерін) олардың жалпы санының 10 пайызынан астам мөлшерде сатып алуы;
- 2) Компания міндеттемелерінің оның меншікті капиталы көлемінің 10 пайызынан астамына ұлғаюы;
- 3) ірі мәміле жасасу;
- 4) Компанияны қайта ұйымдастыру;
- 5) Компанияны тарату.

54. Компания қызметіндегі маңызды корпоративтік оқиғалар оның акционерлерінің мүдделеріне шешуші дәрежеде әсер ететіндіктен, мұндай оқиғаларға әкелетін шешімдерді акционерлердің жалпы жиналысы мен Компания Директорлар кеңесі олардың құзыреті шегінде қабылдауы тиіс (осы тармақтың екінші абзацында көзделген жағдайдан басқа).

Компания қызметінде күтпеген маңызды корпоративтік оқиға орын алуы мүмкін және ол конъюнктурадағы күрт өзгерістермен байланысты болған жағдайда, сондай-ақ акционерлердің жалпы жиналысы немесе Директорлар кеңесі қажетті шешімді дайындап, қабылдауға үлгермейтіндей ахуалда, Компания Президенті акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің айрықша құзыретін бұзбай, мұндай өзгерістерге жедел және барабар әрекет ету шеңберінде шаралар қабылдауға, сонымен бірге Компания Директорлар кеңесінің кезектен тыс отырысын созыуға бастама жасауға құқылы.

CASPY Commodity Exchange	«Каспий» Тауар Биржасы» АҚ Корпоративтік басқару кодексі		
		1-нұсқа	14-ші бет/ 17 беттен

55. Компания қызметіндегі маңызды корпоративтік оқиғаға қатысты акционерлердің жалпы жиналысы немесе Директорлар кеңесі шешімін дайындау және іске асыру кезінде Компания Президенті мен Директорлар кеңесі осы шешім жобасын ашық және жан-жақты талқылауды, сондай-ақ оны іске асырудың айқын әрі түсінікті тетігі мен рәсімін белгілеуді қамтамасыз етуге тиіс (мұндай ашықтық, жан-жақтылық, айқындық пен түсініктілік Компаниядағы бар ақпаратты ескеріп, осы шешімге қатысты Компанияның коммерциялық мүдделерімен үйлесетін шекте ғана мүмкін болатынын назарға ала отырып).

56. Кодекстің 56-тармағында белгіленген талаптар шеңберінде Компания Президенті мен Директорлар кеңесі ерекше назар аударуы тиіс:

1) Компания қызметіндегі маңызды корпоративтік оқиғаларды алдын ала бағалау мен бекітуге;

2) Компания қызметіндегі маңызды корпоративтік оқиғаларды іске асыру тетіктері мен рәсімдерін айқындауға;

3) Компания қызметіндегі маңызды корпоративтік оқиғаларды терең талдау мен талқылауға.

57. Компанияның қайта ұйымдастырылуы немесе таратылуы мәселесі бойынша акционерлердің жалпы жиналысының шешімін дайындау кезінде Президент пен Директорлар кеңесі бұл оқиғаның қайтымсыздығы немесе қиын қайтарымдылығы себепті ерекше мұқияттылық танытуы тиіс.

Компания және оның қызметі туралы ақпаратты ашу

58. Компания және оның қызметі туралы ақпаратқа қатысты Компания мұндай ақпаратты қоғамдық (ашық) және жеке (жабық) деп бөледі.

59. Компания және оның қызметі туралы қоғамдық ақпаратқа мыналар жатады:

1) Компания туралы жалпы мәліметтер заңды тұлға ретінде, мысалы: оның орналасқан жері мен байланыс деректері, Компанияның Директорлар кеңесінің құрамы, Компанияның Атқарушы органы, Компанияның жарғысы және оған енгізілген өзгерістер мен толықтырулар.

2) Компания туралы жалпы мәліметтер акционерлік қоғам ретінде, мысалы: Компанияның акцияларын шығару проспектісі және оған енгізілген өзгерістер мен толықтырулар, Компания акцияларын орналастыру қорытындылары туралы есептер.

3) Компания және оның қызметі туралы өзге де ақпарат, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңы бойынша мынадай ретінде танылатын:

- бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға жататын;
- Компания акционерлерінің мүдделеріне қатысты;
- Компания акционерлеріне ұсынылуға жататын;

4) Компания қызметіне қатысты құжаттарда қамтылған ақпарат;

5) Компанияның ішкі құжаттарында қамтылған ақпарат (Компания қызметін ұйымдастыру мақсатында Президент қабылдайтын ішкі құжаттардағы ақпараттан басқа);

6) Компанияға, Қазақстан Республикасының заңнамасына және Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес, Компания ұйымдастыратын сауда-саттыққа қатысатын «Каспий тауар биржасы» АҚ мүшелерінен (делдалдар мен дилерлерден), сондай-ақ басқа да тұлғалардан келіп түсетін және Қазақстан Республикасының заңнамасына, Компанияның ішкі құжаттарына және Компания жасасқан шарттарға сәйкес таратылуға жататын ақпарат;

CASPY Commodity Exchange	«Каспий» Тауар Биржасы» АҚ Корпоративтік басқару кодексі		
		1-нұсқа	15-ші бет/ 17 беттен

7) Компанияның тауарлар мен мерзімді шарттар бойынша сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізу қызметі барысында қалыптастырылатын және Қазақстан Республикасының заңнамасына, сондай-ақ Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес таратылуға жататын өзге де ақпарат.

60. Компания және оның қызметі туралы жария ақпаратты жариялау Қазақстан Республикасының заңнамасына, Компанияның жарғысына және ішкі құжаттарына сәйкес мынадай түрде жүзеге асырылады:

- 1) бұл ақпаратқа қол жеткізу еркін және қиындықсыз болуы;
- 2) мұндай ақпаратты жариялау Компанияның қосымша капитал тартуына, жоғары іскерлік және қоғамдық беделін қалыптастыруға ықпал ететін акционерлік қоғам ретінде Компанияның жағымды имиджін қалыптастыруды қамтамасыз етуі.
- 3) мұндай ақпаратты жариялау Компанияның тауарлар және мерзімді шарттар саудасын ұйымдастырушы ретіндегі ақпаратты жариялау жөніндегі өз талаптарына толық сәйкес келуі.

61. 60-тармаққа сәйкес жария болып табылмайтын Компания және оның қызметі туралы кез келген өзге ақпарат Компания тарапынан жария етілмейтін деп жіктеледі. Сонымен қатар, 60-тармақта көрсетілген белгілерге сай болғанымен, мемлекеттік құпияны, не Компания мен өзге тұлғалардың қызметтік немесе коммерциялық құпиясын қамтитын Компания және оның қызметі туралы ақпарат та жария етілмейтін болып саналады.

62. Компания өзіне және өзінің қызметіне қатысты жария етілмейтін ақпараттың сақталуын және қорғалуын қамтамасыз етеді, бұл мақсатта мысалы мынадай шараларды қолданады:

- 1) Компания және оның қызметіне қатысты қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты айқындау;
- 2) Компанияда қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратқа қол жеткізу құқығы бар қызметкерлер тізімін айқындау;
- 3) Компания қызметкерлеріне олардың Компанияда еңбек қызметін атқару кезеңінде және бұл қызмет тоқтатылғаннан кейін белгілі бір мерзім ішінде Компания және оның қызметі туралы жарияланбайтын ақпаратты жария етпеу жөніндегі міндеттемені жүктеу;
- 4) Компания және оның қызметі туралы ақпаратты ашуға сұрау салынған кезде, егер сұратылған ақпарат қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құраса, оны қанағаттандырудан бас тарту;

Компания қызметін бақылау

63. Компания Директорлар кеңесі өз қалауы бойынша кез келген уақытта Компанияның кез келген қызметі туралы есепті талап етуге құқылы, ал Компания Президенті мұндай есепті ұсынуға міндетті.

64. Компания қызметін бақылау мақсатында Директорлар кеңесі:

- 1) өзінің мүшесіне Компанияның қызметін белгілі бір мәселе бойынша тексеруді тапсыра алады;
- 2) Компания қызметін белгілі бір мәселе бойынша тексеру үшін өз мүшелері мен басқа тұлғалардан уақытша комиссия құра алады.

65. Компания қызметкерлері, соның ішінде Президент, Кодекстің 65-тармағына сәйкес Компания қызметін тексеруді жүзеге асыратын тұлғаларға мұндай тексеруді

CASPY Commodity Exchange	«Каспий» Тауар Биржасы» АҚ Корпоративтік басқару кодексі		
		1-нұсқа	16-шы бет/ 17 беттен

жүргізуде барынша көмек көрсетуге, сондай-ақ қажетті ақпаратты, түсініктемелер мен түсіндірмелер беруге міндетті.

66. Кодекстің 64 және 65-тармақтарына сәйкес жүргізілетін кез келген тексеру мынадай тәртіппен жүзеге асырылуға тиіс:

- 1) қолданылып жүрген заңнаманы, Компанияның ішкі құжаттарын, Компания акционерлерінің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдерін, сондай-ақ Компанияның шарттық және біржақты міндеттемелерін бұзбауы;
- 2) Компанияның операциялық қызметіне кедергі келтірмеуі және оның қаржылық жағдайына зиян келтірмеуі;
- 3) Компанияның ар-намысына, қадір-қасиетіне, іскерлік және қоғамдық беделіне нұқсан келтірмеуі;
- 4) Компания Президентінің оны басқару жөніндегі құзыретін бұзбауы;
- 5) аталған тексеруді негізсіз созып жібермеуі.

Корпоративтік қатынастардағы дауларды реттеу

67. Корпоративтік қатынастарда дау (бұдан әрі – корпоративтік дау) туындаған жағдайда, Компания оны мынадай жолмен реттеуге ұмтылуы тиіс, яғни бұл реттеу:

- 1) қолданылатын заңнамаға, Компания Жарғысына, оның ішкі құжаттарына, Компания акционерлерінің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдеріне, іскерлік айналым әдет-ғұрыптарына, іскерлік этикаға, логика мен парасаттылыққа негізделуі тиіс;
- 2) қолданылатын заңнамаға, Компания Жарғысына, оның ішкі құжаттарына, Компания акционерлерінің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдеріне, іскерлік айналым әдет-ғұрыптарына, іскерлік этикаға, логика мен парасаттылыққа қайшы келмеуі;
- 3) Компанияның операциялық қызметіне кедергі келтірмеуі және оның қаржылық жағдайына зиян келтірмеуі;
- 4) Компанияның абыройына, қадір-қасиетіне, іскерлік және қоғамдық беделіне нұқсан келтірмеуі;
- 5) корпоративтік дауға қатысушылардың барлығының мүдделерін барынша ескеруі тиіс.

68. Корпоративтік қатынастарға қатысушылар корпоративтік дауды, әдетте, Кодекстің 70 және 71-тармақтарына сәйкес келіссөздер арқылы реттеуге ұмтылуы тиіс және тек осындай реттеу мүмкін болмаған жағдайда ғана сотта қаралуы қажет.

69. Корпоративтік дауды келіссөздер арқылы реттеуге қатысушылар келісім берген жағдайда, дау деңгейіне, сипатына және ықтимал мүдделер қайшылығының болуына қарай ол Компания Президентімен, Компанияның Директорлар кеңесімен немесе Компания акционерлерінің жалпы жиналысымен (Кодекстің 73-тармағында белгіленген ерекшелікті ескере отырып) реттеледі, ал мұндай реттеу нәтижесіз болғанда немесе реттеу барысында мүдделер қайшылығы анықталған кезде, дау Компанияның жоғарғы органына беріледі.

70. Компанияның Директорлар кеңесінің қарауындағы корпоративтік дауды реттеу үшін ол өз мүшелері мен өзге тұлғалар қатарынан, әдетте, Компанияның тәуелсіз директоры басқаратын тұрақты немесе уақытша комиссия құруға құқылы.

CASPY Commodity Exchange	«Каспий» Тауар Биржасы» АҚ Корпоративтік басқару кодексі		
		1-нұсқа	17-шы бет/ 17 беттен

71. Компания Президенті, Компанияның Директорлар кеңесі немесе Компания акционерлерінің жалпы жиналысы өз қарауындағы корпоративтік дауды қараған кезде барынша объективті болып, Кодекстің 68-тармағында баяндалған қағидаттарды ұстануға және бұл дауды реттеу жаңа корпоративтік дауға жол бермеуіне ұмтылуы тиіс.

72. Компания Президенті немесе Компанияның Директорлар кеңесі, әдетте, Компания акционерлері арасындағы корпоративтік дауды реттеуден бас тартуы тиіс, егер тек ол дауды толық түсінбеген және оны реттеу мүмкіндігін толық сезінбеген жағдай болмаса.

Президент /қол қойылды/ Қ.Шыныбай
Мөр: / CASPY Commodity Exchange /